

Өнегелі
өмір

ҚҰЛЖАБАЙ ҚАСЫМОВ



КАЗАК
УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПАҒЫ



Ө Н Е Г Е Л І Ө М І Р

*Баспаға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
Редакциялық-баспа кеңесімен ұсынылған*

Қасымов Қ.

Қ 45 Өнегелі өмір / ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. III. 66. – 373 б., сур.

ISBN 978-601-04-1165-4

Бұл кітап ұлағатты ұстаз, білікті ұйымдастырушы, Англиядағы Интернационалдық өмірбаян орталығы математика саласындағы аса көрнекті жетістіктері үшін «1900–2000 жүз жылдықтың адамы» атаған физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі Қ.Ә. Қасымовтың өмірінен сыр шертеді. Онда ғалымның әр жылдары жарық көрген еңбектерінен үзінділер, мақалалар, мұрағат құжаттары, фотосуреттер, әріптестері мен шәкірттерінің, отбасы мүшелерінің ыстық ықыласқа толы лебіздері берілген.

Ұстаздарға, студенттер қауымы мен ғылыми ізденушілерге және көпшілік оқырманға арналады.

ӘОЖ 51 (092)

КБЖ 22.1 г

ISBN 978-601-04-1165-4

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

Құрметті оқырман!

Ата-бабамыздың сан мың жылдан бергі асыл арманын жүзеге асырып, әлем елдерімен терезесі тең қатынас құрып, дүниежүзі картасынан ойып тұрып орын алған тәуелсіз мемлекет атанған, Мәңгілік елдің іргесін қалаған осы шақта ұрпағымызға өздерінің түпкі тамырын таныту біздің басты міндетіміз.

Арға – мінажат, барға – қанағат, жоққа – салауат айтқан халқымызда қол бастаған батыр, сөз бастаған шешен, арқалы ақын, даңқты дарын, ғұлама ғалымдардың жұлдызды шоғыры көптеп шыққаны айдан анық.

Солардың арасында әлем математикасына өзіндік үлесін қосқан белгілі ғалым, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Құлжабай Әбдіқалықұлы Қасымовтың да өзіндік орны бар.

Табиғаты әсем Жетісу өңірі Шаған тауының баурайында дүниеге келіп, балалық шағы ерке Көксу өзенінің жағасында өткен Құлжабай Әбдіқалықұлы зибратты ғұмыр сүрді. Асықпай жүріп, анық басқан ол өзінің өмір жолында үлкен жетістіктерге жетті. Мәскеу мемлекеттік университетіне тағылымдамадан өтуге барып, аспирантураға қалдырылды. Атағы дүниежүзіне жайылған профессор Л.А. Люстерниктің жетекшілігімен ғылыми дәрежесін ойдағыдай қорғаған соң, өзі түлеп ұшқан қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне оралып, жемісті еңбек етті. Тыңнан түрен салып, елімізде есептеу математикасының негізін қалаушылардың бірі болды. Аға оқытушылықтан механика-математика факультетінің деканы қызметіне дейін көтеріліп, жоғары білім беру саласы мен ғылым майданында шыңдалды.

Қ. Қасымов бағындырған келесі асу – ректорлық қызмет. Қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ-ға басшылық еткен жылдары университет өмірінде соны дүниелер орын алды. Бас корпус салынып,

Ж.С. СҮЛЕЙМЕНОВ,
*физика-математика ғылымдарының кандидаты,
педагогика ғылымдарының докторы, профессор*

ӨНЕГЕЛІ ҰСТАЗ, ҒҰЛАМА ҒАЛЫМ

Құлжабай Әбдіқалықұлы біз оқуға түсетін 1959 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің (ММУ) аспирантурасына қабылданады. Сондықтан біз оқыған алғашқы жылдары ол Қазақ мемлекеттік университетінде жұмыс жасаған жоқ. Оның университетке 1962 жылдың аяғы 1963 жылдың басы оралып, жұмысқа қызу кірісуі 1963 жылы ММУ-да кандидаттық диссертация қорғап келгеннен кейін басталды. Жас кандидат механика-математика факультетінде бірден көзге түсіп, студенттердің ғылыми болашақ туралы жоспарларын құруына себеп болды. Бұл кезеңде жоғарғы курс студенттері болатынбыз. Бізді 3-курстан бастап «зерттеушілер», «есептеушілер», «педагогтар» деп үш топқа бөліп оқытты. Алғашқы екі топқа үздік немесе «төрт» пен «беске» оқитын студенттер қабылданды, оқу мерзімі – 5 жыл 6 ай. Мен «зерттеушілер» тобында оқып, университетті 1964 жылы желтоқсанның аяғында бітірдім. Менің жетекшім атақты академик К.П. Персидский болатын. Құлжабай Әбдіқалықұлы «есепшілер» тобына сабақ беріп, диплом жұмыстарына жетекшілік етті. Бұл мамандықтың студенттері одан дипломдық жұмыс тақырыбын алуға жарыса ұмтылды. Кейбіреулерінің бұл талпыныстары орындалды да (Мереке Байтасов (5-курс), Клара Серікбаева (4-курс), Бәтима Часакбай (4-курс). Кейіннен олар кандидаттық диссертацияларын ойдағыдай қорғады. Мен 1964 жылы 5-6-курстарда оқыдым. Денсаулығымға байланысты Жамбыл көшесіндегі диеталық асханадан тамақтанатынмын. Асхананың екінші бөлігі «Есік» тойханасы, Құлжекең ылғи сонда тамақтанатын. Әдепкі кездесіп, танысуымыз осы мәзірлік ғимаратта болды. Құлжекең өзінің ақжарқын, кішіпейілділігі, ғылыми бағыттағы көзқарасымен бірден баурап алды. Киген киімі, жүріс-тұрысы, айтқан әңгімесі оның байсалды, ашық адам екенін паш етіп тұрды.

Бұл жерде Құлжекең өмірінің бір елеулі кезеңін айтып өтуді жөн көріп отырмын. Қазақ мемлекеттік университетінің 1934 жылы 15 қаңтарда ашылғаны бәрімізге белгілі. Осы датаның 30 жылдығына сай бүкілодақтық «Огонёк» журналы өзінің бір нөмірін Қазақ

университетіне арнады. Журналдың ортасында механика-математика факультетінің ғалымдары туралы мақала басылды. Онда академик К.П. Персидскийдің ғылыми мектебі туралы, оның оқушысы профессор В.Х. Харасахал және Харасахалдың шәкірті профессор Д.У. Умбетжановтар, олардың студенттері туралы мәліметтер берілді. Персидскиймен бірге суретке түсуге мені де шақырған болатын, бірақ мен бір жұмыстармен кешігіп қалғандықтан, менің орныма бірге оқитын Жақсылық Рашбаевты түсіріп, астына «Персидский өзінің аспирантымен жұмыс үстінде» деген жазу жазып жіберіпті. Студенттердің арасынан оқу озаттарының бірі деп Бәтиманың (ол 4-курс студенті болатын) бейнесін журналдың сыртқы бетіне жариялаған. Бәтиманың әсемдігі, жайдарылығы суреттен көрініп тұрды. Осы нөмір шыққаннан кейін факультетке Бәтиманың атына Одақтың әр тарапынан сансыз хаттар саулап түсе бастады. Әрине хат жазушылар жастар, студенттер, әсіресе әскер қатарындағылар болды. Ол хаттар туралы «Мехмат» қабырға газетінде «Бәтиманың поштасы» деген рубрика бөлініп, онда өте татымды жазылған хаттар жарияланып жүрді.

Міне, осы журнал Мәскеуде жүрген Құлжекеңнің көзіне түсіп, сыртқы беттегі сурет оның жүрегіне от салады. Кандидаттық диссертациясын ойдағыдай қорғап келгеннен кейін өзінің шынайы сезімінің ықпалында болады, оны сезген Бәтиманың курстастары, факультеттің белгілі оқытушылары сезімнің баянды және екі жақты мәңгілік болуына атсалысады. Міне, Құлжекең осылайша өзінің өмірлік бақытымен кездескен болатын.

Мен аспирантурада оқып жүргенде ҚазМУ-дың №5 жатақханасында тұрдым, Құлжекеңе осы жатақхананың 5-кабатынан бір бөлме берілді. Ол бөлмеге кейде біз де бас сұғып тұратынбыз. Құлжекеңнің маркалы виоларының дәмін тататынбыз. Мәскеуден келген әдепкі кезде ол факультеттегі семинарларда көптеген баяндамалар жасады. Харасахалдың, Золотаревтың семинарларында Құлжекеңді тыңдауға қалмай барып жүрдік. Оның есептеу математикасы кафедрасында доцент, кафедра меңгерушісі болып жүргендегі ұйымдастырған семинарларына факультет оқытушылары түгелдей қатысатын. «Шекаралық есептерді шешудің сандық әдістері», «Сингулярлы ауытқыған дифференциалдық теңдеулерді интегралдаудың асимптотикалық әдістері» т.б. арнайы курстары студенттердің бәрі ынталана тыңдайтын дәрістеріне айналды. Ал Құлжекең тапқан бастапқы секірісі

бар ауытқыған дифференциалдық теңдеулер үшін қойылған Коши есебін шешудің жаңа асимптотикалық әдістері жас ғалымдар үшін ауқымы кең зерттеулер жасауға себеп болды. Осы бағыттағы жұмыстарды толығымен аяқтау мақсатында Құлжабай Әбдікалықұлы Ғылым академиясының Математика және механика институтына ауысты. Онда қолданбалы математика әдістемелері лабораториясын ашып берді. Бұл кезең – оның творчестволық ғылыми өсу жылдары. Әсіресе бастапқы секіріс құбылыстарының әртүрлі жағдайдағы бұрын байқалмаған табиғаты жан-жақты әрі толығынан зерттеліп, дербес туындылы дифференциалдық, интегралды дифференциалдық теңдеулер үшін өз шешімін тапты. Құлжекең жасап шығарған теориялық-практикалық жаңалықтарды бұл жерде толығынан ашып жазу мақсатымызға кірмейді. Зерттеулер нәтижесінде 1972 жылы ол докторлық диссертация қорғады.

1972 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде «Қолданбалы математика» факультеті ашылып, Құлжабай Қасымов бірінші декан болып сайланды. Факультетте электрондық есептеу машиналарын жабдықтау кафедрасын ашып, оның алғашқы меңгерушісі болды. Бұл Мәскеу университетінің есептеу математикасы және кибернетика факультетінің деканы, академик А.Н. Тихоновтың кеңесімен жасалған болатын. Кейіннен осы кафедраның негізінде қолданбалы талдау кафедрасы ашылып, оған Құлжабай Әбдікалықұлы меңгеруші болып сайланды. Бұл кафедраның пәндік жоспары бойынша мен дифференциалдық теңдеулер пәнінен дәрістер оқыдым. Пәндер заман талабына сай жасалған бағдарламалар негізінде оқытылды. Қолданбалы бағыттағы есептерді дәл және жуықтап шешу, ол үшін есептеу әдістерін тандау, ЭЕМ-ді ұтымды пайдалану мәселелері тиісті шешімдерін тапты. Білім саласындағы елеулі еңбегі ескеріліп, Құлжекең 1979 жылы Одақтық білім министрлігінің «Еңбектегі өте жақсы жетістігі» белгісімен марапатталды.

Құлжабай Әбдікалықұлы аспиранттар мен ізденушілердің ғылыми өсуіне ықпал ету үшін қазақстандық жоғары оқу орындары арасындағы математика және механикадан республикалық конференцияларды ұйымдастыру ісіне белсене араласты. Онымен шектелмей, 1979 жылы Алматыда «Сингулярлы ауытқыған теңдеулер теориясы мен олардың қолдануларын зерттеудің асимптотикалық әдістері» атты Бүкілодақтық конференция ұйымдастырды. Оған академик А.Н. Тихонов бастаған, аттары математикалық әлемге танымал

әйгілгі математик-ғалымдар жиналды. Осы саладан Қазақстанда өркендеп келе жатқан Қ.Ә. Қасымов бастаған мектептің жетістіктері тыңдалынып, «жоғары деңгейде» деген бағаға ие болды.

Ғылым мен білім саласындағы дарындылығы ескеріліп, Құлжабай Қасымов 1980 жылы Абай атындағы Педагогикалық университеттің ректоры қызметіне тағайындалды. Ректорлық жұмыспен қатар дифференциалдық теңдеулер мен есептеу математикасы кафедрасының меңгерушісі болды. Қызметкерлердің тұрмыстық жағдайын жақсартуға, университеттің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, кеңейтуге, оқытушылардың ғылыми дәрежесін көтеруге бағышталған елеулі жұмыстар жүргізді. 64 пәтерлі тұрғын үйді, 5 қабатты оқу ғимаратын, жанұялы студенттерге, жас ғалымдарға арналған жатақхана салдырды, жас оқытушылардың кандидаттық жұмыстарына бағыт беретін ғалымдарды дәріс оқуға шақырды. Нәтижесінде ғылыми дәрежесі және болашағы бар, ондаған ғалым-мамандар дайындалды. Құлжекең Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетінде педагогика ғылымына, педагог ғалымдар дайындау жұмысына көп көңіл бөлді. Бірнеше қазіргі замандық, педагогикалық зерттеулерге жетекші болып, кандидаттар дайындады. Осы еңбектері 1983 жылы Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің, 1985 жылы Республикалық ғылым-білім саласы қызметкерлері кәсіподақ комитетінің Құрмет Грамоталарымен марапатталды.

1988 жылы Құлжабай Әбдіқалықұлы Қазақ ұлттық университетіне қайта оралып, математикалық физика кафедрасын меңгерді, 1992 жылы дифференциалдық теңдеулер кафедрасының, 1997 жылдан осы екі кафедра біріккен кезде дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика кафедрасының меңгерушісі болды. 1991 жылдан 1994 жылға дейін механика-математика факультетінің деканы болып қызмет етті.

Бұл уақыт факультеттен талантты жас математиктердің біразы бизнеске кетіп, қалғандары да толқып жүрген кез болатын. Құлжекең өзінің бар күшін қалған педагогикалық құрам мен студенттер контингентін сақтап қалуға жұмсады. Біреулеріне ақыл айтып, кеңес беріп, біреулеріне қызықты және қолданбалы ғылыми тақырып пен жетекші тауып беріп, кейбіреулерін ғылыми орталықтарға зерттеу жүргізу мақсатында стажерлікке жіберіп дегендей көмек жасады. Бұлар, әрине, оңай жұмыс болған жоқ. Бірақ нәтижесінде, факультет – математика және механика мамандықтары бойынша Қазақстандағы

ең құзырлы орталық, халықаралық бәсекелестікке лайық мамандар дайындауға дәрежесі сай деген атағын сақтап қалды. Бұл – Құлжекеңнің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Ол 1993 жылы Қазақстандағы білім мен педагогикалық ғылым саласына сіңірген елеулі еңбегі үшін Б. Алтынсарин медалімен, 1995 жылы «Еңбектегі үздік жетістіктері үшін» белгісімен марапатталды, 1998 жылы математика ғылымына қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасының мемлекеттік ғылыми стипендиясының иегері болды, 2000 жылы «1900–2000 жүз жылдықтың адамы» (Англия, Кембридж) атағын алды. Осы уақыт кезеңінде Қ.Ә. Қасымов бастапқы секірісті дифференциалдық және интегралды дифференциалдық теңдеулердің шеттік есептері шешімдерінің асимптотикасын құрудың алгоритмін жасады. Тек оның өзі ғана емес, ол жетекшілік ететін математикалық ғылыми мектептің жетістіктері де айтарлықтай елеулі болды. Жеке өзі немесе оқышыларымен бірлесе отырып, 6 монография мен оқулықтарды баспадан шығарды. 1994–2006 жылдар аралығында әуелі дифференциалдық теңдеулер және математикалық физика мамандығы бойынша кандидаттық диссертация, кейіннен осы мамандық және басқару теориясы, математиканы оқыту әдістемесі мамандықтары бойынша докторлық диссертация қорғау жөніндегі кеңестің төрағасы болды.

Құлжабай Әбдіқалықұлы – ғылыми кадрлар дайындауда елеулі жетістікке жеткен ғалым. Ол 3 докторлық диссертацияға консультант, 50 кандидаттық диссертацияға жетекшілік етті.

Құлжабай Әбдіқалықұлы 1983 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, 2003 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайланды.

Қазақстан ғылымының дамуына және жоғары құзырлы мамандар дайындауда атқарған ерен еңбегі үшін Қ.Ә. Қасымов 2004 жылы ҚР президенті жарлығымен «Құрмет» орденімен марапатталды.

Құлжекең қай жерде жұмыс істесе де байсалды, демократ адам бола білді. Ректор, декан, кафедра, лаборатория меңгерушісі болғанда да біреуге қатты ұрысып, дауыс көтергенін көрген де, естіген де емеспін. Тіпті, деканат, кафедра мәжілісіне кешігіп немесе келе алмай қалсаң да сабасынан шықпайтын. Жайбаракат отырып әңгімелесуге әр кезде уақыт табатын. Көбінесе ісқағаздарын, оқу үдерісі барысын тексеруге келген инспекторлармен жай отырып жұмыстың дұрыс өтіп жатқанын Құлжекең әдемілеп айтып бергеннен кейін

олар көңілі толып, уақыт аздығынан қағаздарды қарамай-ақ, басқалармен сөйлеспей-ақ кетіп қалатын. Істің осылайша аяқталуы біздер үшін өте тиімді болатын. Ұлы ғалымдарға тән қасиетпен Құлжекең қағазбастылықты ұнатпайтын. Алайда, ғылыми мақалалар жазғанда ешбір қисынын дәлелсіз жібермей, бәрін негіздеп, дәл орындағанды сүйетін.

Құлжекеңнің қарапайымдылығы, кішіпейілділігі 2006 жылы Ақтөбеге, Халықаралық конференцияға барғанда көрінді. Біздер пойызбен барып-келуі бар, 5-6 сөткедей бірге болдық. Олар Назарбай Қадырұлы екеуі бір купеде, біз Марат Есімғалиұлы екеуіміз бір купеде болдық. Көбінесе Құлжекеңнің купесіне барып шай-пай ішіп, олардың әңгімесін тыңдап отыратынбыз. Әңгіме кейде ұзаққа созылып, түн ортасына дейін баратын. Назекеңнің әңгімесі ұзаққа бармай тез бітетін. Ал Құлжекеңнің ғылым-білім саласындағы көргендері, жолдас болып, қызметті бірге атқарған адамдарының арасында атақтылары көп болатын. Олар туралы әңгіме тыңдау қызықты әрі тартымды болатын. Құлжекең бәрімізден кейін жататын. Соның өзінде таңертеңгі 6-7-де тұрып алып, бәрімізді шай ішуге шақыратын. Ол кісінің тың қалпын сақтауына, көп ұйқыға немесе босқа жатуға ықыласы жоқтығына таңғалатынбыз. Мараттың, Сайлаубайдың (Жұматов) анекдоттарын тыңдап, мырс-мырс күліп отыра беретін. Анайы анекдоттарды жақтырмайтын. Жұмыста да, ғылыми кеңес, деканат, әртүрлі комиссиялар мәжілісінде де өзінің байсалды мінезінен жазбайтын. Бірақ оқу үдерісін дамытуға, ғылыми өсуге кереғар тұжырымдарға шыдамай өз ойын білдіріп, тойтарыс беретін.

Құлжекеңнің жұбайы – Бәтима Жұматайқызы, ұлы Дәурен, қыздары Динара, Әсемдер де Құлжекеңнің өзі сықылды Қазақ ұлттық университетінің түлектері. Бәрінің де көзқарасы тиянақты, білімдері терең, физика-математика ғылымдарының кандидаттары. Құлжекеңнің жанұясы – математикалық жанұя. Математиктердің шыншыл, табанды, еңбекқор екендігі баршаға мәлім. Сондықтан балалары Құлжекеңнің жолын әрі қарай жалғастырады, ол кісінің атын биікке көтере түседі деген ойдамын. Құлжекең басқарған кафедра мүшелері ол кісіні әрқашан шынайы ілтипат сезіммен есте ұстайды деп сенемін.